

**«Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген,
қадірлемеген адам толық мәнді адам емес».**

М.Әуезов.



Туылған күні	<u>1897 жыл, 28 қыркүйек</u>
Туылған жері	<u>Шыңғыс болысы, Семей уезі, Семей облысы, Ресей империясы</u> (қазіргі кезде - <u>Абай ауданы, Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан</u>)
Қайтыс болған күні	<u>1961 жыл, 27 маусым</u> (63 жас)
Мансабы	<u>прозаик, ақын, драматург, жазушы және ғалым</u>

Мұхтар Омарханұлы Әуезов – қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымдарының докторы, профессор (1946), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957).

“Абай жолы – ұлы шығарма”

- Мұхтар Әузовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы - әлемдік сөз өеріне қосылған асыл мұра. Роман-эпопея Абай жайлы болғанымен, ол бүкіл қазақ қоғамының жарты ғасырлық даму жолымен бірлікте алынып көрсетіледі.

Мұхтардың Әуезовтің шығармалары

1917	“Еңлік - Кебек” пьесасы жазылған
30 жылдар	“Қарагөз”, “Айман-Шолпан”, “Қобыланды”, “Тастүлек” сынды озық драматургиялық шығармалар
1936	“Абай” пьесасы жазылды
1951	4 кітаптан тұратын әлемге әйгілі “Абай жолы” роман-эпопеясы дүниеге келді
20-30 жылдары	“Қараш-қараш оқиғасы”, “Көксерек”, “Қилы заман” повестері
30-40 жылдары	“Іздер”, “Білікке-білек”, “Шатқалаң”, “Бүркітші” әңгімелері



Әуезов Мұхтар Омарханұлы
(1897-1961)

«Абай жолы» - Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы - қазақтың тұңғыш эпопеясы. 1-кітабы 1942, 2-сі 1947, 3-сі 1952, 4-томы 1956 ж. жарыққа шықты. «Абай жолы» арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүние жүзі әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Сөйтіп, 19 ғасырдың 40-50-жылдарын М. О. Әуезов туған әдебиетіміздің даму тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ренессансқа айналдырды. Мұның өзі заңды да, өйткені «Абайдай» шығарма бұл тұсқа дейін қазақ әдебиетінде болған емес».

Мұхтар Әуезов




- *Абайды тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл әлемге танытқан, “Абай жолы” романының авторы қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов болды.*



Мұхтар Әуезов

**Кімде-кім
қазіргі уақытта
ана тілін, өзінің
әдебиетін
сыйламаса,
бағаламаса,
оны сауатты,
мәдениетті
адам деп
санауға
болмайды.**



**Тартыспен түскен, бейнетпен
келген жақсылық қана - шын
мәнінде қымбат табыс.**